



ШЕШІМ
30.09.2022

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
250/32-VII

№

город Астана

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 16 наурыздағы №149/22-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауын Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 17 қыркүйектегі № 1017 Жарлығына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 16 наурыздағы №149/22-VII шешіміне (Өрі қарай -Шешім) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша «Нұр-Сұлтан» сөзі «Астана» және/немесе «Астана» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) шешімге қосымшада:

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамына:

Сейітқұлов

Алмат Еркінұлы

– «Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

енгізілсін;

Комиссия құрамынан А. Ә.Түгелбаева шығарылсын.

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов